

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Селденқорғау құрылыс" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 498 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4) тармақшасына және 134-бабы 2-тармағының 27) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің «Селденқорғау құрылыс» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің «Селденқорғау құрылыс» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі – кәсіпорын) қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2 . М ы н а л а р :

1) кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті;

2) кәсіпорын қызметінің негізгі нысаны арнайы инженерлік азаматтық қорғау іс-шараларын орындау болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорынның жарғысын бекітуге енгізсін;

2) кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі т у р а л ы е р е ж е д е :

Министрліктің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:
«3. Төтенше жағдайлар комитеті» деген бөлімде:
мынадай мазмұндағы кіші бөліммен толықтырылсын:
«Мемлекеттік кәсіпорындар

«Селденқорғау құрылыс» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық
м е м л е к е т т і к к ә с і п о р н ы . » .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК